

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 1405 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 1228 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімді орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 1405 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы «Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі» деген сөздер «Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі бір апта мерзімде көрсетілген Келісім бойынша Қазақстан тарапынан уәкілетті органның өзгергені туралы Ресей Федерациясының Үкіметін хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	